**Ізденуші Қалиақпар Данара Қылышбекқызының 8D023-Тілдер және әдебиет (8D02307 – Қазақ филологиясы) мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған «Абай шығармаларындағы мифтік сарындардың ұлттық рухани түсініктері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің**

# СЫН-ПІКІРІ

| р/н № | Критерийлер | Критерийлер сәйкестігі | Ресми рецензенттің ұстанымы |
|---|---|---|---|
| 1. | Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы | 1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: | Ізденуші Қалиақпар Данара Қылышбекқызының «Абай шығармаларындағы мифтік сарындардың ұлттық рухани түсініктері» тақырыбында «8D02307 – Қазақ филологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынған диссертациялық жұмысы ғылымның жаңа даму бағыттарына сәйкес келеді. |
| | | 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);<br>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)<br>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) | Қорғауға ұсынылып отырған зерттеу жұмысы төмендегідей мемлекеттік бағдарламалар мен стратегия талаптарына сәйкес келеді:<br>1.Қазақстан Республикасы Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы).<br>2.ҚР Президентінің «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» (2019 ж.) және «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» (2020 ж.) атты Қазақстан халқына Жолдаулары;<br>3.ҚР Президентінің 2021 жылғы 5 қаңтардағы «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты бағдарламалық мақаласы.<br>7.Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен 2021-2023 жылдардағы ғылымды дамытудың «Білім мен ғылым саласындағы зерттеулер», «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» атты басым бағыттар. |
| 2. | Ғылымға маңыздылығы | Жұмыс ғылымға елеулі үлесін **қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған. | Диссертанттың жұмысы отандық ғылымға өзіндік үлес қосатыны анық. Бұл зерттеу қазақ әдебиеті мен мәдениетінде қазақтың бас ақыны және ойшылы Абай Құнанбайұлының шығармалары алтын қорын құрайтынын және өлеңдері, поэмалары және философиялық эсселері ұлттық ой-сананың қалыптасуында маңызды рөл атқаратынын дәлелдейді. Абай шығармаларындағы мифтік сарындардың болуы, оның әдебиетке қосқан үлесінің өзгеше ерекшелігін айқындап, қазақ халқының рухани танымына терең әсер ететінін жан-жақты саралап, талдау жасаған.<br>Мифологияға қатысты әлемдік, түркілік зерттеулер мен Абай |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | шығармашылығында кездесетін мифтік сарындардың ұлттық-рухани болмыс, бітімі салыстырылып жүйелі түрде зерттелген. |
| 3. | Өзі жазу принципі | Өзі жазу деңгейі:<br>1) **жоғары;**<br>2) орташа;<br>3) төмен;<br>4) өзі жазбаған | Диссертацияны өзі жазу деңгейі жоғары деп айтуға болады. Ғылыми еңбектен ізденушінің өзіндік стилі бар екені байқалады. Диссертация жұмысы бойынша жарияланған ғылыми мақалалар мен диссертация жұмысы арасында байланыстылық бар, бірізді, біртұтас жұмыс екені байқалады. |
| 4. | Ішкі бірлік принципі | 4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:<br>1) **негізделген;**<br>2) жартылай негізделген;<br>3) негізделмеген. | Диссертация жұмысының өзектілігі негізделген. Абай шығармашылығында өзекті мәселелердің қатарынан табылған мифтік сарындардың табиғатын айқындау арқылы, философиялық пайым-парасатының көп қабатты астарлы қырларын тереңнен талдап, оқырманның ұлттық құндылықтарға деген танымдық қабілетін арттыра түсуіне қызмет етеді. Сондықтан тақырып өзектілігі айқын. Диссертация Абай шығармаларындағы мифтік сарындардың болуы, оның әдебиетке қосқан үлесінің өзгеше ерекшелігін айқындайды және қазақ халқының рухани танымына терең әсер етеді. Бұл элементтер халықтың дүниетанымын, әлемге деген көзқарасын және өмір сүру философиясын бейнелейді, сондықтан зерттеу тақырыбының өзектілігін көрсетеді. |
| | | 4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды<br>1) **айқындайды;**<br>2) жартылай айқындайды;<br>3) айқындамайды | Диссертация мазмұны зерттеу тақырыбын жан-жақты айқындайды. Жұмыс кіріспеден, «Абай шығармаларындағы мифологияның қайнар көздері», «Абай өлеңдеріндегі мифтік таным мен түсініктердің ұлттық рухани болмысы», «Абай шығармаларындағы миф поэтикасы» атты үш тарау мен қорытынды бөлім мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Тараулар өзара тығыз байланысқан. |
| | | 4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:<br>1) **сәйкес келеді;**<br>2) жартылай сәйкес келеді;<br>3) сәйкес келмейді | Зерттеу барысында диссертант алдына қойған мақсат пен міндеттерін диссертация жұмысына сәйкес орындай білген. Жұмыс барысында осы мақсатына қол жеткізіп, межелеген міндеттерін толық орындап шыққан. Атап айтқанда, мифтік сарын, ұлттық рухани түсініктер, мифологиялық ойлау, анимистік кейіптеу, психологиялық, метафоралық негіздеу тұрғысындағы міндеттерді жүзеге асыра отырып, Абай шығармаларындағы мифтік сарындардың ұлттық рухани түсініктерін ашып көрсете білген. |
| | | 4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:<br>1) **толық байланысқан;**<br>2) жартылай байланысқан;<br>3) байланыс жоқ | Диссертация жұмысының барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық тұрғыда байланысқан. «Абай шығармаларындағы мифологияның қайнар көздері», «Абай өлеңдеріндегі мифтік таным мен түсініктердің ұлттық-рухани болмысы», «Абай шығармаларындағы миф поэтикасы» атты үш тарауда диссертация тақырыбына қатысты мәселелер жан-жақты сараланып, тұжырымдар жасалған. Бірінші тарауда Абай Құнанбайұлы |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | өлеңдерін философиялық, мифологиялық және психологиялық тұрғыдан зерттеудің алғы шарттары анықталып, Абайға әсер еткен түркілік және шығыстық мифологиялық сарындар салыстырмалы түрде талданған. Екінші тарауда Абай өлеңдеріндегі мифтік анимизм және кейіптеудің көркем бейнеленуі мен мифтердің Абай шығармаларындағы мифологиялық көркемдік ерекшеліктері айқындалған. Үшінші тарауда Абай шығармаларындағы мифтік құбылушылық пен мифтік синергетиканың көркем үйлесімі, Абай поэмаларындағы шығыстық мифологияның ортақ сипаты мен үлгілері толық ашылып зерттелген. Диссертацияның ішкі бірлігі дегенде жұмыстың осындай біріздігі мен біртұтас жүйелілігін айтуға болады. |
| | | 4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:<br>1) **сыни талдау бар;**<br>2) талдау жартылай жүргізілген;<br>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген | Диссертант ұсынған жаңа шешімдер дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырыла талданып, зерттеушінің өз тарапынан қосқандары ажыратылып көрсетіледі. Зерттеудің негізгі әдеби материалы ретінде алынған Абай шығармаларындағы мифтік сарындарды талдау түрлі сипаттағы талдаулар арқылы жүзеге асады. Өзіндік пікір, тың пайым, сыни талдау бар. Мысалы, Абай өлеңдерінде мифологиялық ұшқындар молынан кездеседі. Мысалы, «Сегіз аяқ» өлеңінің:<br>Алыстан сермеп,<br>Жүректен тербеп,<br>Шымырлап бойға жайылған,<br>Қиуадан шауып,<br>Қисынын тауып,<br>Тағыны жетіп қайырған, [45. 125] – деген шумағындағы «тағы» - жабайы деген ұғымды білдіреді [56. 54].<br>Халықтың тұрмыс-тіршілігінде «тағыны қуу» сөзі түз тағыларымен де байланысты айтылады. Жүйрікке мінген құғыншы қашқан тағыны қуғанда – түз тағысын қуа шапқанда, жол-жөнсіз шаба бермейді, ақылға, айлаға жөнеледі. Қашқан тағының бет-бағдарын, жағдайын аңғарған айласын асық құғыншы алыстан орағытады, тікелей емес, қиялап шабады. Тағыны осындай амал-айламен жолын тауып қайыру ежелден бар. Тағы – тотемдік ұғымы ретінде «көк бөрі» болуы да мүмкін. Өйткені тағы «жабайы» деген ұғымды да білдіреді. |
| 5. | Ғылыми жаңашылдық принципі | 5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?<br>1) **толығымен жаңа;**<br>2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u><br>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері мен қағидаттары толығымен жаңа. Ізденуші алға қойған мақсаттары мен міндеттерін орындау барысында мынадай нәтижелерге қол жеткізген:<br>- ақынның шығармаларындағы көп қабатты, астарлы мифтік сарындардан тұратын құрылымдық жүйесі қазіргі отандық әдебиеттанудағы жаңа зерттеу бағыттарының ғылыми тұжырымдарына негізделді; |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | - Абай шығармалары әдеби, тілдік мифологиялық құндылық аясында, мәдениет пен тіл сабақтастығында толықтырыла зерттеліп отыр, осыған байланысты ежелгі түркілік, шығыс мәдениетінде кездесетін мифтік образдар ұлттық танымдық тұрғыда талданады;<br>- ақынның поэтикалық ойлау жүйесінің ерекшелігі индивидуалды дүние бейнесін айшықтайтын мифтік сарындағы метафоралардың белсенді қызметі арқылы да дәйектеледі;<br>- көркем мәтін мен тілдік тұлға сабақтастығы тек әдеби танымдық тұрғыда ғана емес, концептілік жүйеде және шығарма мәтіні әлеуметтік-философиялық негіздермен сабақтас танымдық аспектіде талданады;<br>- әр халықтың мәдениетінің мифологиялық түсініктерінің этнотаңбалық белгісін репрезентациялау бойынша ұлт – мәдениет – тіл сабақтастығы Абай шығармаларындағы мифтік сарындардың дискурсы арқылы тағы бір зерделенді. Ақын шығармаларындағы ұлтымызға таныс болған мифтік сарындар тезаурусы арқылы оған доминанталық басымдық берілді;<br>- әдебиеттану, мәдениеттану тұрғысынан алынған мифтік элементтердің құрылымдық мәні өз бойына қоғамдық-әлеуметтік, тарихи құнды ақпарат жиған мәдени код ретінде түсіндірілді. Сонымен қатар, Абайдың ақындық тұлғасының қалыптасуына өз ұлттық мәдениеті мен өзге мәдени аядағы білімдер тоғысының әсер ықпалы қарастырылады.<br>- ғылыми жаңалық ретінде қарастырылып отырған Абай шығармаларындағы философиялық түсініктердің, атаулық тұлғалардың мифтік мәндегі шығу тегін айқындау оның рухани-ұлттық болмысын ашу зерттеу мақсатына сәйкес антропоцентристік бағдарда алғаш рет сараланды.<br>- Абай мифометафоралары, кейіптеулерінің, мифтік құбылтушылық ерекшелігі, коммуникативті қызметі нақты көрсетілді.<br>Осы айтылғандар ізденуші еңбегінің, зерттеу нәтижелерінің толығымен жаңа екендігін дәлелдейді. |
| | | 5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?<br>1) **толығымен жаңа;**<br>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);<br>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | Диссертация қорытындылары толығымен жаңа деп есептеуге болады. Қорытындылар жеткілікті түрде ғылыми талдауларға негізделген. Жұмыста Абай Құнанбайұлы өлеңдерін философиялық, мифологиялық және психологиялық тұрғыдан зерттеудің алғы шарттары анықталды. Абайға әсер еткен түркілік және шығыстық мифологиялық сарындар салыстырмалы түрде талданды. Абай өлеңдеріндегі мифтік анимизм және кейіптеудің көркем бейненуі мен мифтердің Абай шығармаларындағы мифологиялық көркемдік ерекшеліктері айқындалды. Абай шығармаларындағы мифтік құбылушылық пен мифтік синергетиканың |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | …принципі<br>Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі | …теменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған<br>1) **ия;**<br>2) жоқ | Диссертация тақырыбын зерттеуге таңдалған ғылыми әдіснама толық негізделген. Соның ішінде қазақ әдебиеттанушы ғалымдары Ш.Уәлиханов, А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамедов, Қ.Жұбанов, М.Әуезов, З.Ахметов, З.Кабдолов, Р.Бердібаев, С.Қасқабасов, Ә.Марғұлан, Р.Бердібай, Ә.Қайдар, Е.Тұрсынов, С.Ақатай, А.Акишев, А.Төлеубаев, А.Жақсылықов, А.Қыраубай, С.Оспанов, Т.Еңсегенұлы, Н. Аюпов, И. Жеменей, М.Бұлұтай, С.Қондыбай, Ә. Қодар, Қ.Затов, Б.Уахатов, Б.Абылқасымов, Ж.Дәдебаев, Ш.Ыбыраев, Ж.Әскербекқызы, З.Наурызбаева, Қ.Мәдібай, Н.Мыңжани, А.Мауленов, А.Темірболат сынды ғалымдардың еңбектеріне назар аударылып, зерттеулері басшылыққа алынған. |
| | | 8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:<br>1) **ия;**<br>2) жоқ | Диссертация жұмысының нәтижелерінде компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманауи әдістері және дереккөздерді өңдеу мен интерпретациялау әдістемелерін пайдаланғаны көрініп тұр. |
| | | 8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):<br>1) **ия;**<br>2) жоқ | Ізденуші диссертациялық зерттеу бойынша жасаған теориялық қорытындыларды, басты тұжырымдары мен практикалық ұсыныстарын осы жұмыс бойынша таңдалған дереккөздер, нақты материалдар және қазақстандық пен шетелдік ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып дәлелдеген. |
| | | 8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталған** / ішінара расталған / расталмаған | Зерттеу жұмысының маңызды мәлімдемелері нақты әрі сенімді, ғылыми қауымдастық мойындаған әдебиеттерді қолданып жасалған сілтмелермен расталған. Ізденуші пайдаланылған әдебиеттердің барлығы қазақстандық және шетелдік зерттеушілердің монографиялары, ғылыми басылымдардағы мақалалары мен диссертациялық зерттеулерінен құралған. |
| | | 8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті/**жеткіліксіз | Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолу үшін жеткілікті. Диссертант зерттеу тақырыбына қатысты ғылыми еңбектер мен соңғы жылдарда жарияланған ғылыми материалдарды молынан қамтыған. Тізімде 118 дереккөз атауы келтірілген. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | ...дылық принципі | ...ссертацияның теориялық маңызы бар:<br>1) **ия;**<br>2) жоқ | Диссертацияның теориялық маңызы бар. Ғылыми жұмыс барысында алынған нәтижелер Абай шығармаларындағы мифтік сарындар халқымыздың ұлттық тухани түсініктерін айқындап береді. Алынған теориялық тұжырымдар қазіргі әдебиеттану ғылымында өз үлесін қосады. |
| | | 9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:<br>1) **ия;**<br>2) жоқ | Зерттеу жұмысының практикалық маңызы бар және алынған нәтижелері практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Жазылған жұмыс практикалық тұрғыда қолдану мүмкіндігі бар. Зерттеу жұмысының нәтижелерін қазақ филологиясы, әдебиет теориясы бағытында ғана емес, мәдениеттану, философия, әлеуметтану, тарих пәндерінде арнайы курстар мен семинарларда оқу материалы ретінде қолдануға болады. Сондай-ақ оқу құралы, оқулық ретінде, жоғары оқу орнында «Қазіргі қазақ әдебиетіндегі мифологизм», «Фольклор және әдебиет» сынды қосымша пән ретінде оқытуға болады. |
| | | 9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?<br>1) **толығымен жаңа;**<br>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);<br>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | Диссертацияның практикалық ұсыныстарының жаңашылдық дәрежесі жаңа. Диссертация нәтижелері жоғарыда аталған пәндердің теориялық және практикалық базасын нығайтады. |
| 10. | Жазу және ресімдеу сапасы | Академиялық жазу сапасы:<br>1) **жоғары;**<br>2) орташа;<br>3) орташадан төмен;<br>4) төмен. | Диссертацияда ішінара орфографиялық қателер кездеседі, мысалы пантоен (18-б.), стреотип (16-б), ғалымдыр (27-б.), әдениеті (40-б.), обсолют (49-б). Бірақ бұл жақсы жазылған жұмыстың маңыздылығына нұқсан келтіре алмайды. Жалпы, диссертация жұмысының академиялық жазу сапасын жоғары деп бағалауға болады. |

**Шешім:**

Ізденуші Қалиакпар Данара Қылышбекқызының «Абай шығармаларындағы мифтік сарындардың ұлттық рухани түсініктері» тақырыбындағы диссертациялық еңбегін талапқа сай толық аяқталған сапалы зерттеу жұмысы ретінде бағалай келе, диссертантқа осы еңбегі үшін «8D02307 – Қазақ филологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге болады деп есептеймін.

**Ресми рецензент:**

**Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы** **К.Т.Жанузакова**

Қолы
Подпись
Растаймын: «Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КеАҚ HR қызметі
Заверено: НАО «Казахский национальный женский педагогический университет» HR служба